

Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Экологиялық мониторинг департаменті



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АБАЙ ОБЛЫСТАРЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАЙ- КҮЙІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

Тамыз
2026 жыл

Өскемен, 2026 ж.

МАЗМҰНЫ		Бет
	Кіріспе	3
1	Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
3	Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі	12
4	Жерүсті сулары сапасының жай-күйі	13
5	Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жерүсті сулары сапасының жай- күйі	16
6	Радиациялық жай-күйі	25
	Қосымша 1	26
	Қосымша 2	29
	Қосымша 3	30
	Қосымша 4	35
	Қосымша 5	36
	Қосымша 6	37
	Қосымша 7	40
	Қосымша 8	41
	Қосымша 9	42
	Қосымша 10	44

Кіріспе

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень ШҚО (Өскемен қ., Риддер қ., Алтай қ. және Глубокое кенті, Шемонаиха қ.) және Абай облыстарының (Семей қ., Аягөз қ., Ауэзов кенті) аумағындағы қоршаған ортаның жағдайы туралы мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

1. Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауасына ластаушы заттардың түсуінің негізгі көздері өнеркәсіп кәсіпорындары, автокөлік және жеке сектор (тұрғын үйлер) болып табылады.

Облыс бойынша қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын бірінші, екінші, үшінші санаттағы кәсіпорындар жұмыс істейді.

2. Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауаның сапасына мониторингі

Шығыс Қазақстан облысы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 17 бақылау бекетінде жүргізіледі, оның ішінде қолмен сынама алынатын 1 бекетте, қолмен сынама алынатын/автоматты 5 бекетте, 11 автоматты станцияда және жылжымалы экологиялық зертхана көмегімен Өскемен қаласының ішінде 4 нүктеде (Қосымша 1).

Жалпы облыс бойынша 23 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фенол; 9) күкіртсутегі; 10) фторлы сутегі; 11) бенз(а)пирен; 12) хлорлы сутегі; 13) формальдегид; 14) хлор; 15) күкірт қышқылы; 16) озон; 17) аммиак; 18) қорғасын; 19) мырыш; 20) кадмий; 21) мыс; 22) бериллий; 23) гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы (гамма-фон).

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауаның сапасына мониторинг нәтижелері

Өскемен қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** деп бағаланды, ол ЕЖҚ=29% (жоғары деңгей) мәнімен хлорлы сутегі бойынша №8 (Егоров к., 6) бекет ауданында және СИ=3,0 (көтеріңкі деңгей) мәнімен күкіртсутегі бойынша №4 (Широкая к., 44) бекет ауданында анықталды.

Риддер қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол СИ=3,4 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=17% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен азот диоксиді бойынша №6 (В. Клинка к., 7А) бекет ауданында анықталды.

Глубокое кентіндегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=0,8 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Алтай қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәнімен күкірт диоксиді бойынша және СИ=1,9 (төмен деңгей) мәнімен анықталды.

Шемонаиха қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=1,0 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Нақты мәндер, сондай – ақ сапа стандарттарынан асып кету жиілігі мен асып кету жағдайларының саны 1 – кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ _{м.б.} арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі		>	>5	>10
						ШЖШ	ШЖШ	ШЖШ
						оның ішінде		
Өскемен қ.								
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,0013	0,04	0,0032	0,02				
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0014	0,02	0,0036	0,01				
Күкірт диоксиді	0,0226	0,5	1,3393	2,7	2	64		
Көміртегі оксиді	0,2777	0,1	10,3284	2,1	0	4		
Азот диоксиді	0,0436	1,1	0,2600	1,3	1	1		
Азот оксиді	0,0056	0,1	0,0800	0,2				
Озон	0,0459	1,5	0,1879	1,2	1	19		
Күкіртсутегі	0,0023		0,0237	3,0	11	486		
Фенол	0,0038	1,3	0,0201	2,0	9	26		
Фторлы сутегі	0,0065	1,3	0,0250	1,3	3	4		
Хлор	0,0026	0,1	0,1500	1,5	3	2		
Хлорлы сутегі	0,0958	1,0	0,5100	2,6	29	77		
Күкірт қышқылы	0,0198	0,2	0,1510	0,5				
Формальдегид	0,00000	0,00	0,0000	0,0				
Бенз(а)пирен	0,0006	0,6						
Қорғасын	0,000377	1,3						
Кадмий	0,000026	0,1						
Мырыш	0,000583	0,01						
Мыс	0,000031	0,02						
Бериллий	0,000000 246	0,02						
Риддер қ.								
Күкірт диоксиді	0,0051	0,1	0,9024	1,8	0	4		
Көміртегі оксиді	0,2517	0,1	16,0611	3,2	2	75		
Азот диоксиді	0,0338	0,8	0,6734	3,4	17	408		
Азот оксиді	0,0074	0,1	0,2389	0,6				
Күкіртсутегі	0,0020		0,0184	2,3	3	70		
Аммиак	0,0080	0,2	0,0812	0,4				
Қорғасын	0,000167	0,6						
Кадмий	0,000032	0,1						
Мырыш	0,000509	0,01						
Мыс	0,000036	0,02						
Бериллий	0,000000 216	0,02						
Глубокое қ.								

Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,0126	0,1	0,0500	0,1				
Күкірт диоксиді	0,0387	0,8	0,0930	0,2				
Көміртегі оксиді	0,6127	0,2	1,3375	0,3				
Азот диоксиді	0,0185	0,5	0,0700	0,4				
Фенол	0,0018	0,6	0,0082	0,8				
Алтай қ.								
Күкірт диоксиді	0,0188	0,4	0,9695	1,9	1	19		
Көміртегі оксиді	0,6236	0,2	3,9413	0,8				
Азот диоксиді	0,0015	0,04	0,0465	0,2				
Азот оксиді	0,0009	0,01	0,0363	0,1				
Шемонаиха қ.								
Күкірт диоксиді	0,0041	0,1	0,0711	0,1				
Көміртегі оксиді	0,2292	0,1	2,0700	0,4				
Азот диоксиді	0,0334	0,8	0,0512	0,3				
Күкіртсутегі	0,0011		0,0083	1,0	0	1		

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: Шығыс Қазақстан облысының елді-мекендерінде тіркелмеген.

2026 жылғы тамыз айындағы Шығыс Қазақстан облысында атмосфералық ауаның ластану деңгейін 2025 жылдың тамыз айымен салыстырғанда:

- өзгеріссіз — Шемонаиха, Риддер қалаларында және Глубокое кентінде;
- көтеріңкі деңгейден жоғарылады — Өскемен қаласында;
- төмен деңгейден жоғарылады — Алтай қаласында (Кесте 2).

Кесте 2

Шығыс Қазақстан облысындағы ауаның ластану деңгейінің динамикасы (2025–2026 жж. тамыз)

Елді-мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттар ШЖШ _{м.б.}
	Тамыз 2025 ж.	Тамыз 2026 ж.	
Өскемен қ.	Көтеріңкі СИ = 3,5 ЕЖҚ = 19	Жоғары СИ = 3,0 ЕЖҚ = 29	күкірт диоксиді (2,7 ШЖШ _{м.б.}), көміртегі оксиді (2,1 ШЖШ _{м.б.}), азот диоксиді (1,3 ШЖШ _{м.б.}), озон (1,2 ШЖШ _{м.б.}), күкіртсутегі (3,0 ШЖШ _{м.б.}), фенол (2,0 ШЖШ _{м.б.}), фторлы сутегі (1,3 ШЖШ _{м.б.}), хлор (1,5 ШЖШ _{м.б.}), хлорлы сутегі (2,6 ШЖШ _{м.б.})
Риддер қ.	Көтеріңкі СИ = 1,6 ЕЖҚ = 1	Көтеріңкі СИ = 3,4 ЕЖҚ = 17	күкірт диоксиді (1,8 ШЖШ _{м.б.}), көміртегі оксиді (3,2 ШЖШ _{м.б.}), азот диоксиді (3,4 ШЖШ _{м.б.}), күкіртсутегі (2,3 ШЖШ _{м.б.})
Глубокое қ.	Төмен	Төмен	

	СИ=0,4 ЕЖҚ =0	СИ=0,8 ЕЖҚ =0	
Алтай қ.	Төмен СИ=0,7 ЕЖҚ =0	Көтеріңкі СИ=1,9 ЕЖҚ =1	күкірт диоксиді (1,9 ШЖШ _{м.б.})
Шемонаиха қ.	Төмен СИ=0,9 ЕЖҚ =0	Төмен СИ=1,0 ЕЖҚ =0	

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде тамыз айындағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, қарастырылып отырған кезеңнің тамыз айында Өскемен қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі көбінесе жоғары деңгейде сақталды. Тек 2023 - 2025 жылдары аралығында ластану деңгейі көтеріңкі деңгей ретінде бағаланды.

Атмосфераны ластайтын негізгі көздер өнеркәсіптік шығарындылар мен автокөліктер болып табылады.

2026 жылдың тамыз айында Өскеменде жылдамдығы секундына 4–12 метр болатын қалыпты жел басым болды. 5, 6 және 12 тамызда күндіз, сондай-ақ 30 тамызда түнде екпіні секундына 16–20 метрге жететін жел байқалды. 15–17, 20–22, 24–26 және 31 тамыз күндері мөлшері 0,1-ден 11 мм-ге дейінгі жауын-шашын түсті. 5 тамызда 22 мм болатын қатты жауын-шашын тіркелді.

ҚМЖ-мен күндер бақыланбады.

Риддер қаласында соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:




Соңғы төрт жылдағы деректерді талдау бойынша тамыз айында атмосфералық ауаның ластану деңгейінің жалпы алғанда көтеріңкі күйде сақталғанын көрсетеді.

2026 жылдың тамыз айында Риддерде негізінен жылдамдығы секундына 5–10 метр болатын қалыпты жел басым болды. 30 тамызға қараған түні екпіні секундына 19 метрге жететін жел байқалды. 3–6, 17, 20, 22, 24 және 31 тамыз күндері мөлшері 0,8-ден 11 мм-ге дейінгі жауын-шашын түсті. Ал 21, 25 және 26 тамызда 15–25 мм көлеміндегі қатты жауын-шашын тіркелді.


ҚМЖ-мен күндер бақыланбады.

Глубокое кентінде соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:



Соңғы төрт жылдағы деректерді талдау бойынша тамыз айында атмосфералық ауаның ластану деңгейінің жалпы алғанда төмен деңгейде сақталғанын көрсетеді.

Алтай қаласында соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:



Талданып отырған бес жылдық кезеңде атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болды. 2026 жылдың тамызында ластану деңгейінің жоғарылағаны тіркелді. Жалпы алғанда, қоршаған ортадағы жағдай салыстырмалы түрде тұрақты әрі қолайлы деп сипатталады.

Шемонаиха қаласында соңғы төрт жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:



Шемонаиха қаласындағы атмосфералық ауаның ластануына қатысты 2023–2026 жылдарға арналған үрдістер ластану деңгейінің төмендігімен сипатталады. Жалпы алғанда, ауа сапасына қатысты жағдай тұрақты әрі қолайлы күйде қалып отыр.

Абай облысының атмосфералық ауаның сапасына мониторингі

Абай облысы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 автоматты станцияда жүргізіледі (Қосымша 2).

Жалпы облыс бойынша 6 көрсеткіш анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) азот оксиді; 5) күкіртсутегі; 6) озон.

Абай облысының атмосфералық ауаның сапасына мониторинг нәтижелері

Семей қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол СИ=3,2 (көтеріңкі деңгей) мәнімен күкіртсутегі бойынша №4 (343 квартал к., 13/2) бекет ауданында және ЕЖҚ=4% (көтеріңкі деңгей) мәнімен күкіртсутегі бойынша №2 (Рысқұлов к., 27) бекет ауданында анықталды.

Аягөз қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол СИ=2,1 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=6% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен күкіртсутегі бойынша анықталды.

Әуезов кентіндегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=0,4 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Нақты мәндер, сондай – ақ сапа стандарттарынан асып кету жиілігі мен асып кету жағдайларының саны 3 – кестеде көрсетілген.

Кесте 3

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ _{м.б.} арту жағдайларының саны		
	мг/м³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі	%	> ШЖШ	>5 ПДК	>10 ПДК
						оның ішінде		
Семей қ.								
Күкірт диоксиді	0,0081	0,2	0,7070	1,4	0	2		
Көміртегі оксиді	0,4410	0,1	7,3506	1,5	0	12		
Азот диоксиді	0,0668	1,7	0,3484	1,7	3	102		
Азот оксиді	0,0040	0,1	0,0472	0,1				
Күкіртесутегі	0,0014		0,0257	3,2	4	159		
Озон	0,0156	0,5	0,0545	0,3				
Аягөз қ.								
Күкірт диоксиді	0,0037	0,1	0,0649	0,1				
Көміртегі оксиді	0,0728	0,02	1,7674	0,4				
Азот диоксиді	0,0394	0,99	0,0654	0,3				
Күкіртесутегі	0,0043		0,0164	2,1	6,41	143		
Әуезов к.								
Көміртегі оксиді	0,0632	0,02	1,9291	0,4				
Азот диоксиді	0,0314	0,8	0,0488	0,2				

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: Абай облысының елді-мекендерінде тіркелмеген.

2026 жылғы тамыз айындағы Абай облысында атмосфералық ауаның ластану деңгейін 2025 жылдың тамыз айымен салыстырғанда:

- өзгеріссіз — Өуэзов кентінде;
- төменнен көтеріңкі деңгейге жоғарылады — Семей және Аягөз қалаларында (Кесте 4).


Кесте 4

**Абай облысындағы ауаның ластану деңгейінің динамикасы
(2025–2026 жж. тамыз)**

Елді-мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттар ШЖШ _{м.б.}
	Тамыз 2025 ж.	Тамыз 2026 ж.	
Семей қ.	Төмен СИ=1,1 ЕЖҚ=0	Көтеріңкі СИ=3,2 ЕЖҚ=4	күкірт диоксиді (1,4 ШЖШ _{м.б.}), көміртегі оксиді (1,5 ШЖШ _{м.б.}), азот диоксиді (1,7 ШЖШ _{м.б.}), күкіртсутегі (3,2 ШЖШ _{м.б.})
Аягөз қ.	Төмен СИ=1,1 ЕЖҚ=0	Көтеріңкі СИ=2,1 ЕЖҚ=6	күкіртсутегі (2,1 ШЖШ _{м.б.}),
Өуэзов к.	Төмен СИ=0,3 ЕЖҚ=0	Төмен СИ=0,4 ЕЖҚ=0	

Қорытынды:

Семей қаласында соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:




Семей қаласындағы атмосфералық ауаның ластану үрдісі ластану деңгейінің көтеріңкі болуымен сипатталады, тек 2022 жылы ғана жоғары деңгей болды.

2026 жылдың тамыз айында Семейде негізінен жылдамдығы секундына 3–10 метр болатын қалыпты жел басым болды. 6 тамыз күні күндіз жылдамдығы секундына 16 метрге жететін екпінді жел байқалды. 3–6, 8, 17, 21, 24–26 және 31 тамыз күндері мөлшері 0,1-ден 9 мм-ге дейінгі жауын-шашын түсті.


ҚМЖ-мен күндер бақыланбады.

Аягөз қаласында соңғы төрт жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:



Қарастырылып отырған кезеңде Аягөз қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі тұрақсыз динамикамен сипатталды. Ластану деңгейінің төмендеуі немесе артуы бағытындағы тұрақты үрдіс байқалған жоқ, оның орнына көтеріңкі және төмен деңгейлер арасындағы кезеңдік ауытқулар орын алды.

Әуезов кентінде соңғы төрт жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:



Атмосфералық ауаның ластану үрдістерін талдау тамыз айында ластану деңгейінің тұрақты түрде төмен болғанын көрсетеді.

3. Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау жаңбыр суының іріктелген үлгілері бойынша 4 метеостанцияда (Риддер, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен) жүргізілді.

Жауын-шашын үлгілерінде гидрокарбонаттар – 29,3 %, сульфаттар – 29,9 %, нитраттар – 3,1 %, хлоридтер – 9,0 %, кальций иондары – 11,0 %, натрий иондары – 6,7 %, калий иондары – 2,4 %, магний иондары – 3,5 %, аммоний иондары – 5,0 % көлемде басым.

5-кестеде жауын-шашындағы жекелеген ластаушы заттардың құрамының сипаттамалары көрсетілген.

Кесте 5

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Көрсеткіш	Метеостанциядағы ең төмен концентрация	Метеостанциядағы ең жоғары концентрация
Жалпы минералдану	Үлкен Нарын МС – 24,66 мг/дм ³	Риддер МС – 42,97 мг/дм ³
Электрөткізгіштік	Үлкен Нарын МС – 41,6 мкСм/см	Риддер МС – 70,8 мкСм/см
рН (сутектік көрсеткіш)	Семей МС – 5,83	Риддер МС – 7,12
Аниондар, мг/л		
Сульфаттар (SO ₄)	Үлкен Нарын МС – 7,19	Семей МС – 11,56
Хлоридтер (Cl)	Үлкен Нарын МС – 2,48	Өскемен МС – 3,43
Нитраттар (NO ₃)	Үлкен Нарын МС – 0,69	Өскемен МС – 1,34
Гидрокарбонаттар (HCO ₃)	Өскемен МС – 5,80	Риддер МС – 16,96
Катиондар, мг/л		
Аммоний (NH ₄)	Семей МС – 0,61	Өскемен МС – 4,00
Натрий (Na)	Үлкен Нарын МС – 2,10	Риддер МС – 2,66
Калий (K)	Үлкен Нарын МС – 0,70	Риддер МС – 0,98
Магний (Mg)	Өскемен МС – 0,63	Риддер МС – 1,94
Кальций (Ca)	Өскемен МС – 2,08	Семей МС – 5,45
Микроэлементтер, мкг/л		
Қорғасын (Pb)	Семей МС – 0,00	Үлкен Нарын МС – 0,43
Мыс (Cu)	Үлкен Нарын МС – 0,65	Өскемен МС – 4,52
Күшәла (As)	Үлкен Нарын МС – 0,12	Өскемен МС – 0,81
Кадмий (Cd)	МС Риддер – 0,01	Өскемен МС – 0,06

4. Жерүсті сулары сапасының жай-күйі

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау 18 су объектісінің (Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Еміл, Аягөз, Үржар, Секисовка, Маховка, Арасан, Кіші Қарақожа, Алакөл көлі, Өскемен және Бұқтырма су қоймалары) 52 тұстамасында жүргізілді.

Жерүсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **48** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары аумағында **гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштер** бойынша жерүсті суларының су сапасы мониторингі 15 су объектісінде (Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Оба, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Еміл, Секисовка, Маховка, Кіші Каракожа, Арасан Өскемен және Бұқтырма су қоймалары) 47 тұстамада жүргізілді. Зерттелетін объектідегі судың өткір уыттылығын анықтауға 47 сынама сараланды. Перифитон және макрозообентос көрсеткіштері бойынша 34 сынамадан, фитопланктон мен зоопланктон көрсеткіштері бойынша бір сынамадан сараланды.

Шығыс Қазақстан облысы және Абай облысы аумағындағы жерүсті суларының мониторингі нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» (ҚР СРИМ 04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы) (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

Кесте 6

су объектісінің атауы	су сапасының сыныбы тамыз 2025 жыл	су сапасының сыныбы тамыз 2026 жыл	параметрлері	өлшем бірлігі	концентрация
Қара Ертіс өзені	3 – сынып (орташа ластанған)	3 – сынып (орташа ластанған)	мыс	мг/дм ³	0,0012
			марганец	мг/дм ³	0,011
Ертіс өзені	3 – сынып (орташа ластанған)	3 – сынып (орташа ластанған)	мыс	мг/дм ³	0,0014
Бұқтырма өзені	5 – сынып (өте ластанған)	5 – сынып (өте ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	27,6
Брекса өзені	4 – сынып (ластанған)	4 – сынып (ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,012
Тихая өзені	5 – сынып (өте ластанған)	5 – сынып (өте ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,044
Үлбі өзені	4 – сынып (ластанған)	4 – сынып (ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,026
Глубочанка өзені	5 – сынып (өте ластанған)	4 – сынып (ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,018
Красноярка өзені	4 – сынып (ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	43,9
Оба өзені	4 – сынып (ластанған)	4 – сынып (ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,012
Еміл өзені	3 – сынып	3 – сынып	мыс	мг/дм ³	0,0014

	<i>(орташа ластанған)</i>	<i>(орташа ластанған)</i>	марганец	мг/дм ³	0,013
			магний	мг/дм ³	43,6
			сульфаттар	мг/дм ³	325
			фторидтер	мг/дм ³	1,07
Аягөз өзені	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	магний	мг/дм ³	41,3
			сульфаттар	мг/дм ³	280
			мыс	мг/дм ³	0,0012
Үржар өзені	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	мыс	мг/дм ³	0,0015
			марганец	мг/дм ³	0,015
Маховка өз.	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	<i>4 – сынып (ластанған)</i>	марганец	мг/дм ³	0,109
Секисовка өз.	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	<i>4 – сынып (ластанған)</i>	аммоний-ионы	мг/дм ³	2,00
Арасан өз.	<i>1 – сынып (өте жақсы сапа)</i>	<i>1 – сынып (өте жақсы сапа)</i>			
Кіші Қарақожа өз.	<i>6 – сынып (жоғары ластанған)</i>	<i>6 – сынып (жоғары ластанған)</i>	жалпы темір	мг/дм ³	0,68
			кадмий	мг/дм ³	0,088
			мырыш	мг/дм ³	14,058
			мыс	мг/дм ³	2,369
Өскемен су қоймасы	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	марганец	мг/дм ³	0,918
Өскемен су қоймасы	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	мыс	мг/дм ³	0,0013
Бұқтырма су қоймасы	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	<i>3 – сынып (орташа ластанған)</i>	мыс	мг/дм ³	0,0013

2026 жылдың тамыз айында Арасан өзені 1-сыныпқа жатады, Қара Ертіс, Ертіс, Аягөз, Үржар, Еміл өзендері, Өскемен су қоймасы, Бұқтырма су қоймасы 3-сыныпқа жатады, Брекса, Үлбі, Глубочанка, Оба, Маховка, Секисовка өзендері 4-сыныпқа жатады, Тихая, Бұқтырма өзендері 5-сыныпқа жатады, Красноярка, Кіші Қарақожа өзендері 6-сыныпқа жатады.

Кестеде көрсетілгендей, 2025 жылғы тамыз айымен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі, Оба, Аягөз, Үржар, Арасан, Кіші Қарақожа, Еміл өзендері және Өскемен, Бұқтырма су қоймаларының су сапасы - айтарлықтай өзгермеді.

Глубочанка өз. 5 сыныптан 4 сыныпқа ауысты су сапасы – жақсарды.

Маховка, Секисовка өз. 3 сыныптан 4 сыныпқа, Красноярка өз. 4 сыныптан 6 сыныпқа ауысты, су сапасы – нашарлады.

Шығыс Қазақстан және Абай облыстарындағы су объектілеріндегі негізгі ластанушы заттар – мыс, сульфаттар, магний, мырыш, марганец, аммоний-ионы, қалқыма заттар, жалпы темір, кадмий, фторидтер.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары

2026 жылғы тамыз айында Шығыс Қазақстан облысы аумағында ЖЛ жағдайлары тіркелген жоқ.

Шығыс Қазақстан облысындағы су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 3 – қосымшада көрсетілген.

Абай облысындағы су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 4,5 – қосымшада көрсетілген.

Жерүсті сулары сапасының гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштер бойынша мәліметі 6,7,8 қосымшаларда берілген.

5. Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жерүсті суларының жай-күйі

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» (ҚР СРИМ 04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы) (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

су объектісінің атауы	Пантле мен Букк (Сладчека модификациясы) сапробты индекс бойынша су сапасының сыныбы			зообентос бойынша су сапасының сыныбы	
	фитопланктон	зоопланктон	перифитон	Олигохеттер жалпы санының жер асты жәндіктерінің жалпы санына қатысы, %	Вудивис бойынша биотикалық индекс
Қара Ертіс өзені			3 сынып (1,90)		2 сынып (7,0)
Ертіс өзені					4 сынып (4,0)
Бұқтырма өзені			3 сынып (1,96)		2 сынып (7,5)
Брекса өзені					2 сынып (8,0)
Тихая өзені			2 сынып (1,49)		3 сынып (5,0)
Үлбі өзені			3 сынып (1,89)		3 сынып (6,4)
Глубочанка өзені			3 сынып (2,00)		3 сынып (6,3)
Красноярка өзені			3 сынып (1,90)		3 сынып (5,0)
Оба өзені			3 сынып (2,14)		2 сынып (7,0)

Еміл өзені	3 сынып (2,04)	3 сынып (1,56)	3 сынып (2,16)		2 сынып (7,0)
Секисовка өзені			3 сынып (1,97)		2 сынып (7,5)
Маховка өзені			3 сынып (2,00)		4 сынып (4,0)
Арасан өзені			3 сынып (1,95)		2 сынып (8,5)
Кіші Қарақожа өзені			3 сынып (2,08)		4 сынып (3,5)

Қара Ертіс өз. Қара Ертіс өз. «Боран а. Боран а.шегінде; су бекетінен 0,3 км жоғары; су өлшеу бекетінің тұстамасында; (09) оң жағалау» тұстамасында Қара Ертіс өзенінің перифитон сынамалары диатомды балдырлардың 16 түрімен Оның ішінде 11 жіп тәрізді жасыл балдыр және көк-жасыл балдырдың бір түрі кездесті. Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,90-ке тең. Су сапасының сыныбы – III, орташа ластанған сулар.

Макрозообентос құрамынан *Ephemeroptera*, *Diptera*, *Heteroptera*. қауымдастықтарына жататын 6 таксон анықталды. Биотикалық индекс 7ге тең, судың сапа сыныбы - II таза сулар.

Қара Ертіс өз. беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі дафниялар 100% құрады.

Ертіс өз. Ертіс өз. «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09) оң жағалау» алынған сынамада балдырлардың 17 түрі анықталды. Оның ішінде 16 түрі диатомды және 1 бір көк - жасыл балдыр кездесті. Басымдылығы жағынан *Nitzschia palea*, *Diatoma vulgaris* диатомының түрі жаппай гүлденуі тіркелді (7 балл). Түрлердің кездесу жиілігі 1-ден 5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,79-ке тең, бұл сапаның III орташа ластанған суларына сәйкес.

Ертіс өз. «Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары; (0,9) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 18 түрі кездесті. Көк-жасыл балдырлардың ішінде *Oscillatoria limosa* (2 балл) түрі кездесті. Басымдылығы жағынан *Diatoma vulgaris* диатомының түрі жаппай гүлденуі анықталды (7 балл). Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,95-ке тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Ағыс бойымен төмен «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен» тұстамада сол жақ жағасынан алынған түрлер саны 15 тең. Диатомды балдырлардан 15 түрі және 3 жасыл және бір түрі көк-жасыл балдырлар анықталды. Басымдылығы жағынан *Ulothrix zonata* жасыл балдырдың түрі жаппай гүлденуі тіркелді (7 балл) анықталды. Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 балл аралығында болды. Жасыл балдырлардың ішінде *Ulothrix zonata* түрі кездесті (7 балл). Сапробты индекс 2,09-ге тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес, орташа ластанған

Ертіс өз. «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау» сынамада 12 диатомды, 2 жасыл және 2 көк-жасыл балдырлардың түрі кездесті. Басымдылығы жағынан *Nitzschia acicularis* (5 балл) диатомды

балдырдың түрі анықталды. Сапробты индекс 2,03-ке тең, сапа III сыныпқа сәйкес, орташа ластанған сулар.

Ертіс өз. «Өскемен қ. Прапорщиково а.шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» алынған сынамада балдырлардың 19 түрі айқындалды. Басымдылығы жағынан *Achnanthydium minutissimum* (7 балл) диатомды балдырдың түрі анықталды. Басқа диатомды балдырлардың кездесу жиілігі 1-5 балл болды. Сапробты индекс 1,96-ке тең. Су-орташа ластанған.

Соңғы тұстамада - Ертіс өз. «Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» алынған сынамадан балдырлардың 18 түрі айқындалды. Басымдылығы жағынан *Diatoma vulgaris* (7 балл) диатомды балдырдың түрі анықталды. Сапробты индекс 1,92-ге тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес орташа ластанған.

«Өскемен СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамадан алынған сынамада макрозообентос құрамынан 4 түр *Trichoptera*, *Diptera*, *Crustacea* анықталды. Биотикалық индекс мәні 4ке тең, сапа IV сынып, сулар ластанған.

«0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera*, *Crustacea* түрлерінен 5 таксон анықталды. Биотикалық индекс мәні 5ке тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар.

«Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» тұстамадан алынған сынамада макрозообентос құрамынан *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera* және *Crustacea* анықталды. Биотикалық көрсеткіш мәні 6ға тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар.

«Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (09)» тұстамадан алынған сынамада макрозообентос *Plecoptera*, *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera* 7 түрлері анықталды. Биотикалық индекс 7ге тең, бұл сапаның II сыныбына сәйкес, таза сулар.

Прапорщиково ауылы шегінде алынған су сынамасының сапасы III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар. Биотикалық көрсеткіш мәні 5ке тең. Сынамада *Trichoptera*, *Crustacea*, *Heteroptera*, *Megaloptera* түрлері анықталды.

Предгорное ауылы шегінде «Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» алынған су сынамасының сапасы III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар. Биотикалық көрсеткіш мәні 6ға тең.

Ертіс өзенінің су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер етпеді, барлық тұстамаларда тірі дафниялар 100% құрады.

Бұқтырма өз. «Лесная Пристань ауылы шегінде» және «Зубовка ауылы шегінде» орналасқан тұстамада диатомды балдырлардың 17 түрі және бір түрден жасыл және көк-жасыл балдырлар анықталды. Басымдылығы жағынан *Navicula cryptocephala* u *Nitzschia palea* (7 балл) диатомды балдырлар анықталды. Түрлердің кездесу жиілігі 3-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,48-ге тең, бұл сапаның II сыныбына сәйкес «таза су» болып саналады.

Бұқтырма өз. «Алтай қ. Зубовка а.шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамада диатомды балдырлардың 14 түрі және жасыл балдырдың бір түрі анықталды. Басымдылығы жағынан *Ceratoneis arcus* (7 баллов)

диатомды балдырдың түрі болды. Түрлердің кездесу жиілігі 1 мен 5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,49-ге тең, су сапасы II сыныпқа сәйкес – «таза су» болып саналады.

Бұқтырма өз. «Алтай қ., Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамасында бентос қауымдастығының *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera* түрлері кездесті. Биотикалық индекс 8 ге тең, су сапасы II сыныпқа сәйкес – таза сулар.

«Зубовка аулы шегінде» судың сапасы II сыныпқа жатады, таза сулар. Биотикалық индекс 7ге тең. *Ephemeroptera*, *Diptera larvae* түрлері кездесті.

Бұқтырма өз. су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. Зерттелетін тұстамаларда тірі дафниялар 100% құрады.

Брекса өз. Брекса өз. «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынымасынан анықталған түрлердің 15 диатомды және 2 жасыл балдырлар болды. Басымдық танытқан түрлерден *Cymbella cistula* (7 балл) және *Navicula cryptocephala* (7 балл) болды. Түрлердің кездесу жиілігі 2-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,89 – ке тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

«Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 25 түрі айқындалды. Олардың ішінде 19 диатомды балдырлар сонымен бірге *Spirogyra porticalis* (ж), *Cosmarium formosulum* (ж), *Scenedesmus acuminatum* (ж) *Ulothrix zonata* (ж), *Scenedesmus obliquus* (ж) *Oscillatoria brevis* (к/ж) түрлері кездесті. Басымдылық танытқан *Cymbella ventricosa* диатомды балдыры болды (7 балл). Түрлердің кездесу жиілігі 1 мен 5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,89-ке тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

Брекса өзенінің «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынаманың биоценоздарының құрамынан 9 таксон анықталды. Олар *Plecoptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae* және *Crustacea* түрлері. Биотикалық көрсеткіші 8ге тең, су сапасы II сыныпқа сәйкес таза сулар.

«Риддер қ. шегінде, Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары, (09) оң жағалау» су сынамаларынан *Plecoptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae* таксондарынан 8 түрі анықталды, биотикалық индекс мәні 8 құрады, су сапасының II сыныбына сәйкес, таза сулар.

Брекса өз. су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары орналасқан тұстамада тірі дафниялар 100% құрады. Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары (Риддер қ. шегінде) орналасқан тұстамада өлген дафниялар 6,7% құрады.

Тихая өз. Тихая өз. Тихая өз. «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамадан түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында диатомдылардың 14 түрі, 1 түр көк-жасыл және жасыл балдырлары 4 түрі айқындалды. Сапробты индекс 1,99 тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

Тихая өз. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет) 0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамада түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында болатын диатомды балдырлардың 12 түрі, 3 жасыл және бір көк-жасыл түрі кездесті. Басымдық танытқан *Encyonema ventricosum*, *Navicula cryptocephala* (5 балл) болды. Сапробты индекс 2,01-ге тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

Тихая өз. «Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамасынан алынған сынамада макрозообентос құрамынан *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera* және *Oligochaeta* анықталды. Биотикалық индекс мәні 5ті құрады, су орташа ластанған.

Ағыс бойымен төмен «Риддер қаласы шегінде, Тихая өз.сағасынан 8 км жоғары» алынған макрозообентос сынамаcынан *Trichoptera*, *Diptera* 5 таксон анықталды. Биотикалық индекс мәні 5 құрады, су сапасының III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Тихая өз. су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. Екі тұстамада өлген тест-объектілер 13,3% құрады.

Үлбі өз (Тишинск кені). Тишинск кеніші шегінде Үлбі өз. суының сапасы «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» тұстамада сынамадан диатомды балдырлардың 8 түрі және жасыл балдырлардың 3 түрі анықталды. Басымдық танытқан *Navicula cryptocephala* (7 балл) және жасыл балдырлардан *Tetradesmus lagerheimii* (3) (9 балл) түрлері болды. Түрлердің кездесу жиілігі 2 мен 5 балл аралығында болды. Сапробты көрсеткіш 1,89-ге тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

Ағыс бойымен төмен «Риддер қ. Тишинский кенішінен 7,0 км төмен;» алынған сынамада кездесу жиілігі 3 пен 5 бал аралығында болатын балдырлардың 19 түрі кездесті. Басымдық танытқан диатомды *Achnantheidium minutissimum* және жасыл балдыр *Tetradesmus obliquus* (7 балл). Сапробты көрсеткіш 1,91-ге тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

Үлбі өз. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» тұстамадан алынған су сынамаcынан макрозообентостың 5 таксоны анықталды: *Plecoptera*, *Trichoptera*. Биотикалық көрсеткіш 7 құрады, су сапасының II сыныбына сәйкес, таза сулар. Ағыс бойымен төмен «Риддер қ. Тишинский кенішінен 7,0 км төмен;» алынған сынамада макрозообентостың даму деңгейі су сапасының II сыныбына сәйкес келді, сулар таза. Биотикалық көрсеткіш 7 құрады. Бұл жерден *Plecoptera*, *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae* дернәсілдері анықталды.

Тишинский кеніші ауданынан алынған Үлбі өзенінің су сынамалары биотестілеу нәтижесінде өткір уытты әсер көрсетпеді. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 13,3% құрады. Ағыс бойымен төмен «Риддер қ. Тишинский кенішінен 7,0 км төмен» тұстамада өлген тест-объектілер 16,7% құрады.

Үлбі өз. (Өскемен қ.). Үлбі өз. . «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» диатомды балдырлардың 9 түрі жасыл 4 түрі анықталды, кездесу жиілігі 2 мен 5 балл. Басымдылық танытқан

Tetradesmus obliquus, *Achnantheidium minutissimum* (9 балл). түрі болды (7 балл). Сапробты көрсеткіш мәні 1,90 тең. Судың сапасы III сыныпқа сәйкес, орташа ластанған сулар.

«Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары» сол жақ жаға тұстамадан алынған сынамадан балдырлардың 15 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты көрсеткіш 1,96 тең, су сапасы III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Үлбі өз. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамасынан алынған сынамада диатомды балдырлардың 14 және жасыл балдырлардың бір түрі айқындалды. Түрлердің кездесу жиілігі 1мен 7 аралығында болды. Сапробты көрсеткіш 1,83 ке тең, су сапасының III сыныбына сәйкес, су орташа ластанған.

Үлбі өз. «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамадан алынған сынамадан судың сапасы II сыныпқа сәйкес келді, сулар таза. Биотикалық индекс мәні 7 құрады. Макрозообентос құрамынан *Plecoptera*, *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae*, қауымдастықтарының 8 таксоны анықталды.

«Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары» сол жақ жаға тұстамадан алынған сынамадан су сапасы III класпен бағаланды, орташа ластанған сулар. Сынамада *Trichoptera*, *Diptera*, *Heteroptera* түрлері болды. Биотикалық индекс мәні 6ға тең. Оң жақ жағадан алынған сынамада биотикалық индекс мәні 5 құрады, сапа III сыныпқа сәйкес орташа ластанған сулар. Су түбі жәндіктерінен *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae* және *Heteroptera* дернәсілдері анықталды.

Өскемен қаласы шегінде алынған Үлбі өзенінің су сынамалары өткір уытты әсер көрсетпеді. Каменный Карьер кентінде орналасқан «шартты фондық» тұстамада тірі дафниялар 100% құрады. «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен» тұстамасының оң және сол жағалауларында тест-объектілер өлімі 3,3% құрады.

Глубочанка өз. Глубочанка өз. «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 12түр диатомды және 1 түр көк-жасыл, 1 түр жасыл балдырлар анықталды. Басымдылық танытқан *Diatoma vulgaris* и *Nitzschia linearis* (7 балл). Сапробты индекс 2,16 сапа III сынып.

Глубочанка өз. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырлардың 12 түрі анықталды. Сапробты индекс 2,11 сапа III сынып орташа ластанған сулар.

Глубочанка өз. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 9диатомды және 3 жасыл балдырлар түрлері анықталды. Сапробты индекс 2,14ке тең, сапа III сынып орташа ластанған сулар.

Глубочанка өзенінің «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» алынған

сынамада *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae*, *Crustacea* түрлерінен 6 таксон анықталды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, сапа II сынып, су таза.

«Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен;» алынған сынамадан *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera* 6 таксоны анықталды. Биотикалық индекс мәні 6 құрады, сапа III сынып, су орташа ластанған.

«Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» сынамадан су сапасы III сыныпқа сәйкес су орташа ластанған. Биотикалық индекс 6 тең. *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae* түрлері анықталды.

Глубочанка өз. алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. «Шартты фондық» тұстамада тірі дафниялар 100% құрады. Ағыс бойымен төмен Белоусовка кенті және Глубокое ауылында орналасқан тұстамаларда тест-объектілер өлімі 6,7% құрады.

Красноярка өз. Красноярка өз. «Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау» алынған сынамалар 13 диатомды және жасыл балдырлардың бір түрі және 2 көк-жасыл түрлер кездесті. Сапробты индекс 2,08 тең, сапасы III сынып, су орташа ластанған.

«Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» тұстамасында кездесу жиілігі 1 мен 3 аралығында болатын 15 түрлі балдырлар анықталды. Сапробты индекс 2,23-ке тең. Сапасы III сынып, су орташа ластанған.

Красноярка өз. «Ертіс кені төгінділері» тұстамадан алынған сынамалардан макрозообентос көрсеткіштері бойынша су сапасының III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар. Биотикалық индекс мәні–6. Бұл жерден *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera*, *Crustacea* анықталды.

«Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» алынған сынаманың макрозообентос құрамынан тек *Megaloptera*, *Diptera larvae* анықталды. Биотикалық индекс мәні– 4. құрады, IV сыныпқа сәйкес су ластанған.

Красноярка өз. алынған су сынамалары өткір уытты әсер көрсетпеді. Алтайский кентінен алынған су сынамаcында тірі дафниялар 100% құрады. Ағыс бойымен төмен Предгорное кентінде орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 13,3% құрады.

Оба өз. Оба өз. «Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған перифитон сынамаcында балдырлардың 22 түрі анықталды. Олардың кездесу жиілігі 1 мен 7 аралығында болды. Басымдылық танытқан *Nitzschia palea* (7 балл) түрі болды. Сапробты көрсеткіш 1,98 ге тең. Сапа сыныбы III, су орташа ластанған.

Оба өз. «Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған перифитон сынамаcында балдырлардың кездесу жиілігі 1 мен 7 аралығында 19 түрі айқындалды. Басымдылық танытқан *Nitzschia palea* (9 балл) түрі болды. Сапробты көрсеткіш 1,96 ға тең. Сапа сыныбы III, су орташа ластанған.

Оба өз. «Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамада макрозообентос құрамынан *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae* анықталды. Биотикалық индекс мәні – 7, сапа II сынып, су таза. «Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан *Ephemeroptera*, *Diptera larvae* анықталды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, сапа II сынып, су таза.

Оба өз. су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер көрсетпеді. Екі тұстамада тірі дафниялар 100% құрады.

Еміл өз. Фитопланктонның даму көрсеткіштері бойынша Еміл өз. суының сапасы III сыныпқа жатады, су орташа ластанған. Сынамада балдырлардың 12 түрі айқындалды. Балдырлардың ортақ саны 5283 мың.кл/л, биомасса – 7,053 мг/л. Басым бөлігін диатомды балдырлар құрады. Сапробты көрсеткіш 2,04тең.

Еміл өз. алынған перифитон сынамасында диатомды балдырлардың 16 түрі және 2 көк-жасыл 2 жасыл түрлері анықталды. Басымдық танытқан *Symbella cistula* (7 балл), басқаларының кездесу жиілігі 1мен 5 аралығыда болды. Сапробты көрсеткіш 2,00 тең. Сапа сыныбы III, су орташа ластанған.

Зоопланктон сынамасында *Copepoda* и *Cladocera* 4 таксоны анықталды. Сапробты көрсеткіш 1,56, су сапасы III сыныпқа сәйкес орташа ластанған.

Еміл өз. макрозообентос сынамасынан жәндіктерінің *Plecoptera*, *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae*, *Crustacea* және *Heteroptera* 9 таксоны тіркелді. Биотикалық индекс 7ге тең, су сапасы II сыныпқа сәйкес – таза сулар.

